

ҚҰДАЙЛАР ДӘУІРІ ERA OF GODS

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ*

Түйіндеме

Автор мақалада ежелгі көне халықтардың қай-қайсысының да бастау тарихы сол халықтың өзінің ауызша тарихының дерегі арқылы өрілуі қажеттігін ескере отырып, мифтік аңыз-әңгімелер берер мәліметтердің де соған қызмет ететіні және тарихтық, деректік мәні бар екеніне жалпы жұртшылық назарын аударуды мақсат еткенін айтады. Ежелгі грек мифологиясындағы құдайлар есіміне тілдік жағынан талдау жасайды. Және осы есімдердің ежелгі түріктестес халықтардың тілімен тамырлас екенін дәлелдеуге мүмкіндік бар деген қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: миф, мифология, құдай, Деметра, Гея, грек мифологиясы.

Summary

The author provides that the origins of the history of ancient peoples for each shall be drawn up based on the historical oral histories including legends and mythical stories. The author draws attention to the importance of oral history sources. Makes analyzes on anthroponomy gods in ancient Greek mythology and concludes that these anthroponomy correspond to the languages of the Turkic peoples.

Keywords: myth, mythology, god, Demeter, Gaia, Greek mythology

Дүниежүзі халықтарының мифтерін салыстыра зерделей сүзіп шыққан кісіге мына жарық дүниенің дидарын алғаш көрген адамдардың ес жиып, етек жаба бастаған сонау бастапқы кезеңінде-ақ өздерін қоршаған ортаның құпиясына үңіліп, кімнің, ненің қалай пайда болғанын өзінше танып-білуге ұмтылғанын аңғару онша қиындық туғызбайды. Күнделікті күнкөріс тірліктері барысында ештеменің өз-өзінен жоқтан бар бола қалмайтынына көз жеткізген олар көктің де, жердің де, ондағы бар жанды-жансыз дүниелердің де, негізі беймәлім түрлі құбылыстардың да жаратушы өз иесі бар деп «танып», солардың әрқайсысына өздерінің дүниетанымдық деңгейіне қарай ат (*amaу*) беріп, қиялдан толып жатқан құдайларды тудырғаны байқалады. Тауратта әлемді жаратушы Бір Құдайдың Адамды жаратарда: «И бог сказал: сотворим человека по образу нашему, по подобию нашему», - дейтіні секілді, алғашқы адамдардың да әлгі көп

* филология ғылымдарының кандидаты, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана-Қазақстан.

Candidate of Philology a leading scientific researcher in the scientific research center of Turkology, Astana-Kazakhstan. E-mail: K.Salgara@mail.ru

құдайды өмірге әкелгенде оларды өздерінің бейнесіне, өздеріне ұқсатып жасағандары да зерде мойындар шындық. Оған сол бір көне заманның көзіндей болып біздің заманға жеткен, кейінгі көнегрек мүсіншілері жасаған ескерткіштердегі грек мифологиясындағы құдайлардың дене бітімінің, кескін-келбетінің кәдімгі адамдарға, дәлірек айтсақ, сол гректердің өздеріне ұқсайтындығы да куәлік беретіндей. Болмысы адамдық танымнан негіз алғандықтан, бұл құдайлар тек кескін-келбетімен ғана емес, көп жағдайда іс-әрекеттерімен де адамдардың өздеріне ұқсап жатады.

Әлем халықтарының бұл күнге жеткен, қағазға түсіп, хатталған мифтерінің берер дерегіне жүгінсек, адамзат баласының ғаламды жаратушы бір құдыреттің барын түйсігі арқылы түйсініп, оны танып-білуге деген ұмтылысы олардың алғашқы жаратылған кезеңінде емес, одан көп кейін, олардың ұрпақтары өсіп-өніп, жершарының әр өңіріне кеңінен қанат жайып, тарағанынан соң болған секілді. Егер көп құдайдың пайда болуы алғашқы адамдар өсіп-өніп, әр тарапқа шашырай тарап, өз алдарына жеке-жеке тайпа, халық болып кетпей, бір өңірде жүрген бастапқы кезеңінде жүзеге асса, онда олардың кейінгі ұрпақтары кезінде ата-бабалары «ерекше құдырет» деп танып, табынған құдайлардың аттарына да, іс-әрекеттеріне де өзгеріс кіргізе алмас еді, басқаша айтқанда, бүгінгі таңда миф деректері арқылы біліп отырғанымыздай, әр халықтың өзіне тән есімі бар өз құдайлары болмас еді. Адамзат баласының дүниетанымында құдай болмысын қалыптастыруға ықпал етіп, бағыт-бағдар беретін дін ілімі әлі пайда болмаған ежелгі заманда әлемнің әр түкпірінде жеке-жеке тайпа, халық болып ұжымдасып, өмір сүріп жатқан адамдардың тәу еткен көп құдайларының арасында бәріне бірдей танымдық ортақтастықтың жоқтығы, олардың әрқайсысының іс-әрекетінің сол халықтар мекен еткен өңірдің табиғатына орайласа жасалуы, есімдерінің әртүрлілігі осындай ойға жетелейді. Егер осы пайымдауымыз шындыққа келетін болса, онда құдайлар тарихын зерттеп, олардың есімдерінің сөздік төркінін (*этимологиясын*) анықтау арқылы қай халықтың ежелден бар көне халық екенін және олардың қайсысының кімнен кейін пайда болғанын, яғни кімнің кімнен бөлініп шыққанын ажыратуға мүмкіндік тұмақ.

Бұл мүмкіндікті пайдаланып, бәрін танып-білу, әрине, қазіргі таңдағы жекелеген зерттеушілердің қолынан келмейді. Оған оның ғұмыры да жетпейді. Бұл осы бағытта мақсатты жұмыс жасайтын толып жатқан ғылыми зерттеу институттары мен зерттеу орталықтарының білікті мамандарының ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, уақыт талабына сай бірлесе еңбектенуін тілейді. Сонда ғана ойдағыдай нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондықтан да біз өз мүмкіндігімізге орай, ежелгі көне халықтардың қай-қайсысының да бастау тарихы сол халықтың өзінің ауызша тарихының дерегі арқылы өрілуі қажеттігін ескере отырып, мифтік аңыз-әңгімелер берер мәліметтердің де соған қызмет етерлік қауқары және тарихтық деректік мәні

бар екеніне жалпы жұртшылық назарын аударуды ғана мақсат еттік. Соған орай, бұл арада, алғашқы құдайлар тобының көпке мәлім кейбіреулерінің есімі мен іс-әрекеттеріне ғана тоқталмақпыз.

Мұнда әр халықтың өз мифологиясының дерегі арқылы бүгінге жеткен әр атаудың, әр ұғымның түпмәнін ашатын негізгі жалғыз айғақ - тілдік көрсеткіш болмақ. Басқаша айтқанда, бір халықтың мифінде кездесетін мифологиялық атау сол халықтың өзінің тілінде сөздік мағынасын, ұғымдық мән-мазмұнын еркін, жан-жақты ашып бере алса, ол сол халықтың төл танымының жемісі, өз туындысы. Ал олай болмай, керісінше болса, яғни атау сөздің төркінін әлгі халық өз тілінде талдап таныта алмаса, онда ол бұл атауды басқа халықтан алған, басқа тілден ауысқан болып шығады. Олар оның, яғни мифологиялық атаудың тек мазмұндық мағынасын ғана біледі. Демек, ол атауды өмірге әкелген басқа халық, бұларға солардан ауысқан. Ал бұл, өз тарапынан, әлгі атауды өмірге әкелген халықтың өзінен атауды алған халықтан бұрын да бар халық екенін айғақтайды. Олай болса, біріншілік те осы авторлыққа ие халықтың еншісінде екені даусыз.

Осы заңдылық бойынша мифология деректері арқылы қай халықтың бұрын, қайсысының кеш пайда болғанын анықтауға талпынсақ, ең алдымен, адам баласының бастапқы саналы дүниетанымын танытатын әлемнің жаратылуы жөніндегі мифтерге үніліп, соларды талдаудан бастауға тура келеді. Бұл ретте, жүгінеріміз, әрине, бүкіл оқулықтар мен әдебиеттер «көненің көнесі» деп бала күнімізден санамызға сіңірген ежелгі гректер мен ежелгі үнділердің мифтері болмағы заңды.

Бұл ретте грек мифологиясы не дейді?..

Өте ежелгі ескі заманның адамдарының таным-түсінігі бойынша: әуелде аспан мен жер біртұтас дүние делінген. Кейін осы тұтастық космогониялық үдерістердің нәтижесінде екіге бөлініп, аспан мен жер бір бірінен бөлініп, ажырап шыққан. Бұл түсінік тек грек мифологиясына ғана емес, көптеген мифологиялық дәстүрлерге, оның ішінде түріктер мифологиясына да тән. Осы біртұтастықтан бөлініп шыққан аспанның құдайын гректер – «Уран» деп, ал жер құдайының атын – «Гея» деп атайды.

Ежелгі грек мифологиясының негізгі танымдық-сюжеттік жүйесін құдайлар дәуірі құрайтыны белгілі. Жалпы грек мифологиясындағы құдайлардың билік ету дәуірі үш кезеңге бөлініп қаралады.

Осының ең ежелгі дәуірі – жаңағы айтылған Уран дәуірі. Уран – жоғарыда айтқанымыздай, аспан құдайының аты.

Ураннан билікті баласы Кронос (*Крон*) тартып алады. Бұл – екінші дәуір, Кронос дәуірі.

Кроностан билікті баласы Диос (*Зевс*) тартып алады. Бұл – үшінші дәуір, баршамызға белгілі олимптік құдайлар дәуірі.

Біз, әдетте, мұндай жағдайда қалыптасқан жалпы түсінік бойынша, миф гректердікі болған соң, ондағы құдай аттарын білдіретін сөздерді де грек тілінің туындысы деп қабылдаймыз. Солай болуы заңды да. Бірақ, солай дей тұрғанмен, кей жағдайда, ондай атаулардың басқа тілден енген сөз болу мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Бұл да өмір шындығы. Сондықтан мифтік атаулардың нақты қай тілдің «тумасы» екенін білу үшін олардың жеке сөз ретінде шыққан төркінін (*этимологиясын*) талдап, мысалы, біздің жағдайымызда, грекше не мағына беретінін анықтау қажет. Бұл арада, айталық, ең бастапқы жаратылыс бастауында тұрған аспан құдайының атын – «Уран» дейді дедік. Ал осындағы «уран» сөзі есімдік мағынасынан басқа нені білдіреді? Грек тіліндегі сөздік мәні қандай? Өкінішке қарай, мифтанушылар бұл сауалдарға нақты жауап бермейді. Тек дәстүрлі үндіеуропалық мифтану ғылымы «уран» сөзін үндіеуропалық ортақ ұғымды білдіретін сөз деп танып, оған лингвистикалық-мифологиялық негіз ретінде үндіран (*арий*) мифологиясында Варуна, анатoliaлық ежелгі халық – хеттердің (*хаттардың*) мифологиясында теңіз құдайы – Аруна образдарының барлығын айғақ етіп, алға тартады. Осыған орай «Уран», «Варуна», «Аруна» сөздері мен образдарының біртектілігі мойындалып, **«Әлем халықтарының мифтері»** атты энциклопедиялық жинақты құрастырушылар: «Само имя Варуны исследователей сопоставляли с хетским морским божеством Аруной, с древнегреческим богом неба Ураном, наконец, славянским Волосом (*Велесом*), литовским Велясом и т. д. Поэтому при сохранении ряда неясности индоевропейские параллели к этому имени несомненны» [1, 218] деген тұжырым жасалынады.

Алайда бұл арада мифологтардың «үндіеуропалық екі не үш тілде бар, дыбысталуы бір-бірімен өзара үндесетін сөздерді теріп алып, автоматты түрде «үндіеуропалық ортақ сөз болады» дегенге саятын мұндай қағидалары барлық жағдайда дұрыс бола бермейтінін, олардың кейде жалған ортақ сөздерді туғызу мүмкіндігінің де барын ескермегендіктері байқалады». Өйткені грек, үнді, орыс, иран тілдерінде кездескен үндес бір сөздің барлық кезде міндетті түрде ортақ үндіеуропалық бір сөз болуы екіталай. Себебі, мұндай ортақ делінген үндіеуропалық сөздің әлгі аталған халықтардың тіліне тарихи-элеуметтік түрлі жағдайларға байланысты кезінде басқа, екінші бір бөгде тілден енуі де мүмкін ғой. Мұндай мүмкіндікті және ешкім терістей де алмаса керек.

Бұлай ойлауға ғалымдардың «варуна» сөзінің, оның басқа да үндіеуропалық параллельдерінің («уранның», «арунаның») этимологиясын «жалпыүндіеуропалық түбір» деп саналатын **uer** - «*окружать, охватывать, огораживать*» түсінігінен шығаратындығы да септігін тигізеді. Бұл орайда, алдымен, белгілі ғалым А. Акишевтің мына пікіріне назар аударған жөн. Ол: «Характерно, что значение имени Варуны восходит к общеиндоевропейскому корню **uer** – «кружать» и т. д., а принадлежностью его является **аркан**. Окружение ассоциировалось с сотворением, приданием хаосу формы, превращением его в космос» [2, 16], - дейді. Осыған байланысты қазақтың мифтанушы ғалымы С. Қондыбай: «бұл жердегі «ортақ түбір» әртүрлі үндіеуропалық тілдердегі ұқсас сөздің ұқсас «ықтимал» түбірін кездескен сөздің мағыналарына қарай реконструкциялаудың нәтижесінде анықталып отырылғанын, басқа тілдерде де бұл сөздердің параллельдерінің болу мүмкіндігінің ескерілмегенін» айтады [3, 144]. Расында да, айтылғандарды зерделей сараптасақ, осы ғалымның пайымдауында шындық бар. Өйткені, әңгіме өзегі болып отырған мифтік есім сөздерге де, үндіеуропалық ортақ түбір сөзге де түрік (*түркі*) тілдерінде параллель ұғымдар бар. Нақтырақ айтсақ, мысалы, ежелгі гректердің Уранына «Оран» сөзі, үндіеуропалық ортақ түбір «**uer**-ге» «**ор, иір**» сөздері дыбыстық үндестігі жағынан да, мағыналық ұғымы жағынан да тікелей түріктік параллель болып табылады.

Уран – грек мифологиясындағы ең ежелгі дәуірдегі аспан құдайының аты екенін айттық. Ғалымдар, жоғарыда айтқанымыздай, Уранның атаулық мәнін айтқанымен, сөздік төркінін саралап нақтыламайды, тек үндіеуропалық ортақ түбір «**uer**» (*вер*) сөзінің негізінде пайда болған дегенді аңғартатын емеурін ғана танытады.

Ал түріктік «Оранға» келсек, ол – жерді қоршап жатқан алып жыланның аты, су иесі. Этимологиялық тұрғыдан талдасақ, оран – түрік тілінің сөз жасау заңдылығына сай – «ор» және «ан» деген екі сөзден құралған. Мұндағы «ор» көне түрік тілінде *су* деген ұғымды білдірген. (*Кейін аққан су тіліп, жырып кеткен жерді де «ор» деп ауыспалы мағынасында қолданған.Қ.С.*). Архаикалық мифтерде «жерді ғаламдық су қоршап жатыр және оны алып жылан қорғайды» деген түсінік болғаны белгілі. Осыған орай, яғни жерді су қоршап жатыр деген түсінікке байланысты *ор* сөзі кейін *қоршау, орау* деген мағына беретін сөздердің туындауына негіз болған. Ал «ан» – көнетүрік тілінде *мекен, мекен иесі* (мысалы: *Тұран – тұрлардың мекені,*

Британ – бриттердің мекені. Қ.С.) деген ұғымды білдірген. Осы *ор* мен *ан* сөздерінің бірігуінен пайда болған *Оран* сөзі мифтік түсініктегі жерді қоршап жатқан судың иесі, қорғаушысы жыланның балама атына айналған¹. Жалпы *жылан* ежелгі түрік халықтарының, оның ішінде арғықазақтардың (*С. Қондыбай*) сенім-нанымдар жүйесіндегі басты культтық мақұлықтардың бірі, басқаша айтқанда, жылан культі – мифологиялық танымның негізі болған. Түрік халықтарының кейбірінің жыланды кие тұтып, үйге кірген жыланның басына ақ құйып, құрметтеп шығаруы, немесе оны бүкіл бір тайпаның тотемі етіп, халықтық атауға (*этнонимге*) айналдыруы (*Оран, Қай, Оранқай*) осының дәлелі. Мысалы, XIII ғасырда шығыс терістіктен келіп, Хорезм жерінде өз билігін жүргізген қыпшақтың іргелі бір тайпасы «Оран» (*орыс деректерінде «уран», осыдан шығарып қазақ тарихшылары оны «ұран», «ұран қыпшақ» деп алып жүр.Қ.С.)* деп аталған. Тарихқа белгілі моңғол шапқыншылығы кезінде Отырар қаласын қорғаушылардың көсемі – атақты Қайыр хан (*төл есімі: Алндерек.Қ.С.)* осы оран-қыпшақтың перзенті, атақты Қыран қыпшақтың немересі болатын. Сондай-ақ шығыс теріскейдегі тұтас бір жұрттың атының «Оранқай», мекенінің «Оранқай өлкесі» деп аталатыны да белгілі. Христиан эрасынан кейінгі XIII ғасырдың әлемге әйгілі тұлғасы – Шыңғыс ханның Еуропаны жаулаған бас қолбасшысы Сүбедей осы оранқай халқының перзенті екені баршаға белгілі. Мұндағы *оранға* бірігіп тұрған *қай* сөзі де көне заманда *жылан, су, дария* деген ұғымды білдірген. (*Қайдың «кебіс» деген омонимдік мағынасы да бар (М.Қашқари.) Мысалы, қай+ық – су кебісі; құд+ық – құт су және т.б.*). Осыдан келіп үндіеуропалық мифтану ғылымы «ортақ үндіеуропалық түбір» деп танылған «окружать, охватывать, огораживать» деген мағынаны білдіретін *uer (вер)* сөзінің де (*вар, вир, вал, вел нұсқаларын қоса алғанда*) *ор (орау, қоршау, орам), өр (өру, өрмек), иір (иіру, жинау)* секілді ежелгі түріктік ортақ түбір-етістіктермен тамырлас, туыстас екенін де ажыратуға мүмкіндік туады.

Мұның бәрі сайып келгенде, *оран (уран)* сөзінің басқа тілден түрік тіліне ауысқан кірме сөз емес, өзінің ежелгі төл перзенті екенін айғақтайды. Бұған өте ежелгі таным-түсінік бойынша біртұтас делінген дүниенің екіге бөлінгенде жоғары бөлегінің – «*аспан*», төменгі бөлегінің – «*жер*» аталуы да қосымша куәлік бергендей.

¹ Түрік халықтарының кейбіреулерінде «оран»: «оран-телегей», «орай», «уранг», «ормеген» және басқа нұсқалары кездеседі (Капаев И. «Ногайские мифы, легенды и поверья». М. 2012. Стр. 189).

Өйткені мұндағы «аспан» сөзі де, «жер» сөзі де түрік тілінің төл «перзенттері». Этимологиялық тұрғыдан талдағанда: Аспан – *аспа* және *ан* сөздерінің бірігуінен жасалған, «**жоғары асылған мекен**», «**жоғары ілінген мекен**» деген мағынаны білдіреді. Ал жер – *же* және *ыр (р)* сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, «**қоректендіруші**», «**асыраушы**», «**ырыздық, несібе беруші**» деген мағынаны білдірген. Мұндағы *же* де, *ыр (р)* да адамзат баласының бастапқы танымындағы ең көне ұғымдар. *Же* сөзі бүгінгі «қорек», «азық» деген мағынаға ие. Қазіргі қазақ тіліндегі «**же-м**», «**же-міс**», «**же-м-тік**» тәріздес біраз сөздер осы *же* түбірінен туындаған. Сол секілді *ыр*–да (р-да) ең көне сөз. Ол бүгінгі ұғымдағы «несібе» сөзімен мазмұндас, тамырлас. Қазіргі қазақ тіліндегі «**ыр–ыс**», «**ыр–ыздық**» тәріздес сөздер осы *ыр* түбірінен туындаған. Осыған қарағанда, жердің әуелдегі ең бастапқы атауы: «*же*» болған, ал «Жер» деп уақыт өте келе мағыналас екі ұғымның, яғни *же* мен *ыр*дың бірігіп, бір мәнге ие болуынан кейін аталғанға ұқсайды.

Мифологтар аспан құдайы Уранның өзінің жұбайы жер–Гейға қарағанда **екінші, туынды образ** екендігін атап көрсетеді. Демек, **Жер – өзінен аспанды бөліп шығарған басты тұлға, өндіруші, асыраушы аналық тұлға**. Олай болса, жер–Гейның есімі де үлкен мәнге ие. Бірақ, өкінішке қарай, ғалымдар «*гей*» сөзін грек тілінің еншісіне бергенімен, оның этимологиясын сараламайды. Біздің пайымдауымызша, Гей – ежелгі көне түрік тілінің *же* және *ұя* деген екі сөзінің бірігуі арқылы жасалған, «**же–мекен**», яғни «**жер мекен**» деген мағынаны білдірсе керек. Гректер «ж» дыбысын «г» деп қолданатындықтан, (*Тюрксое ж (дж) ... которое в греч. передается обычно через «г»*. Закиев М. З. *Татары: проблемы истории и языка Казань. 1995 стр. 22*) және түріктік «ұ», «ы» дыбыстарын айта алмайтындықтан, Же–ұя грекше **Ге–ұяға (Гей-га)** айналып, сол дыбысталуда бүгінге жеткен сияқты. Ежелгі түріктер қазіргі «мекен», «үй», «баспана» деген ұғымдарды отырықшыларға байланысты айтса: «**ұя**» деп, ал көшкіншілерге қаратып айтса: «**ан**» деп пайдаланған [4. 130]. Осы ретте Гейдан кейінгі екінші «жер анасы» деп аталатын Уран мен Гейның кенже қызының есімінің басқаша емес, «Рей» («*ыр+ұя*», «*р+ұя*») деп аталуының мәні де айқындала түседі. Ал бұлардан соң кезегімен «жер анасы» аталған үшінші әйел-құдайдың есімінің «**Гера**» аталуы, жоғарыда айтылған, «же» мен «ыр» атаулары бірігіп, бүгінгі ұғымдағы «жер» («гер») деген түсініктің қалыптасқанынан кейін пайда болғанын айғақтайды. Мұнда да ежелгі гректер түріктік «жер»

атауындағы «ж» - ны өз тілдерінің мүмкіндігіне қарай «г» -ге айналдырып («Гер») және сөзді текке (*родқа*) бөлетін дәстүрлеріне сай атаудың әйелге қатысты екенін білдіретін (*женской родтың*) «а» жалғауын қосып, «Гера» деп өзгерткен. Бірінен кейін бірі «жер анасы» аталған алғашқы әйел-құдайлардың есімдерінің өзара сабақтаса жалғасқан осындай сөз жасаудың бір заңдылығы бойынша өмірге келуі, қалай дегенде де, жай кездейсоқтық еместігі аян. Бұл да біздің талдау түсінігіміздің дұрыстығын көрсетсе керек.

Егер осы пайымдауымыз шындық болса, онда *оран* сөзінің де гректерге ежелгі түріктілдес халықтардан ауысқанына күдік қалмайды. Бар айырмашылық «о»-ның «у»-ға айналуында ғана. Олай болса, бұл өз тарапынан түрік халықтарының тым көне заманнан бар, байырғы халық екеніне куәлік берер бірден-бір айғақ болмақ. Ал «оран» сөзі грек тіліне қашан, қандай жағдайда ауысқан дегенге келсек, ол өз алдына басқа арнайы зерттеудің үлесі (*Бұл арада гректердің де түп тамырының ежелгі түріктермен сабақтасып жататынын есте ұстаған жөн. Қ.С.*). Тіпті, бұл сөздерді грек тіліне ежелгі түрік тілінен ауыспады дегеннің өзінде, адамзат баласы танымындағы бастапқы ұғымдардың көне гректердегідей түріктерде де болуы және мифологиялық бастапқы ұғымдарды білдіретін сөздердің осы екі-үш сөзбен ғана шектелмейтіндігі – бұл халықтың, яғни түрік тектестердің бүгінгі тарих ғылымы мойындатқандай х. э. кейінгі VI ғасырда пайда болған жас халық еместігін толық дәлелдей алады деп білеміз.

Бұл ретте осы айтылғандардың негізсіз, жалаң қиял жемісі еместігіне көне заманның куәгері, тарих атасы Геродоттың мына сөздеріне зерделей назар аударған жан да көз жеткізе түседі деген ойдамыз. Тарих атасы: «Вообще почти все имена эллинских богов происходят из Египта. А то, что эти имена варварского происхождения, как я полагаю, скорее всего – египетского, это я точно установил из расспросов [5, 116-117], – дейді. Ал Геродот болса х.э. дейінгі V ғасырда, яғни көп құдайға табынушыларға бізден гөрі табаны күректей **2500 жыл!** жақын өмір сүрген адам. Осы адам және қатардағы жай адам емес, тарих атасы атанған адам, бүгінгі біздің «грек құдайлары» деп жүргендеріміздің бәрі де олардыкі емес, **«египеттік жабайылардың (варварлардың) құдайлары»** деп куәлік беріп отыр. Демек, бұл куәландыру, өз тарапынан, әлгі құдайлардың есімдері египет жабайыларының сөзі, грек мифологиясындағы құдайлардың есімінің ешқайсысының да шыққан тегін грек тілі

негізінде анықтауға болмайды дегенді айғақтай алады. Геродоттың бұл тұжырымы жаңағы айтылған гректердің ата құдайы – Уранға да қатысты. Олай болса, біздің гректің бас құдайының «Уран» деген есімі түріктің «ор» және «ан» деген екі сөзінен құралған «Оран» сөзінен шыққан деуіміз де шындыққа шет болмаса керек. Мұндағы түрік тілінің сөз басында келетін «о» дыбысын «у» дыбысы арқылы беру бүкіл үндіеуропа тілдестердің бәріне ортақ жай. Мысалы: Орал – Урал, Орақ – Урақ, Өсер – Усер, т.б. деген сияқты.

Гректердің бас құдайының есімінің дыбысталуы мен ұғымдық мағынасының ежелгі түріктің «оран» сөзімен бұлай үйлес келуінде әлдеқалай болатын кездейсоқтық емес, ортақ негіз, тілдік заңдылық жатқанын гректің көп құдайларының ең көнесінің бірі – әйел құдай Деметра есімінің және оның культіне байланысты атаулардың шығу төркіне үніліп, этимологиялық талдау жасау арқылы да көз жеткізуге болатын сияқты.

Грек мифологиясында Деметра – жоғарыда айтқан аспан құдайы Уран мен Геяның баласы Кронос пен оның әйелі Реяның қызы, табиғатты жаңартушы, өліні тірілтіп, өсімдікке жан бітіруші, егіншіліктің құдайы. Оны «жер анасы» деп те атайды. Әйел құдайдың құдайлық қызметіне қарап, оның адамзат баласы терімшіліктен шығып, егіншілікті күнкөріс кәсібіне айналдырған кезінде өмірге келгенін аңғару онша қиындық туғызбаса керек.

Мифологиялық Сөздікте: «Деметра» атауының мағынасын «жер-анасы» (грекше: *da, de, ge* – «жер») деп көрсетілген [6. 181]. Ал жекелеген мифтанушы ғалымдар тарапынан бұл құдайдың атына талдау жасап, оның не сөздік, не есімдік, не атаулық мәнін ашып, қай халықтың тілінің «перзенті» екенін анықтаған зерттеу еңбектерді кездестіре алмадық. Тек Джордж Томсонның «Исследования по истории древнегреческого общества» деген еңбегінен: «Каждый афинский гражданин официально был известен под своим личным именем, за которым следовало имя отца и название его **dema** («*demos*»). Дем представлял собою городской или сельский район, в списки которого заносили при рождении. В других государствах мы находим вместо отчества наименование рода» [7. 106] деген жолдарды оқып, автордың гректің «дем» сөзінің тек (*фамилия*) атауы ретінде қолданылатынына мән беру арқылы, нақты ашып айтпағанымен, Деметра есімі осы «дем» сөзінен шыққан болар ма деген емеурінін аңғарғандай болдық. Бірақ зерттеушінің келесі кезекте Деметраның түптегінің Египеттен шыққанын құптауына қарап, оның

бұл емеурінінің «дем» сөзінің «үй», «отбасы-отаны» деген мағынада ғана екенін анық көруге болады [7, 128]. Өйткені зерттеушінің Деметраның Египеттен шыққанын құптауы, жоғарыда тарих атасы Геродот айтқан: «... все имена эллинских богов происходят из Египта» деген тұжырымды растайды. Олай болса, бұл - «деметра» сөзінің төркінін грек тілінен емес, египеттік жабайылардың тілінен іздеу керек деген сөз.

Бұл орайда ғылыми ортаға әлі аты-жөні белгісіз қазақстандық жас зерттеуші Амантай Айзахметовтың¹ ізденіс жолы тым ерекше көрінеді. Біздің пайымдауымызша, оның бұлайша тыңнан жол салып, өзіндік зерттеу тәсілін алға тартуы ежелгі дүние тарихын зерттеушілердің де, мифтанушылардың да назар аударуына тұратын елеулі талпыныс. Оның ежелгі дүние тарихын танып-білуде бұған дейінгі қалыптасқан зерттеу ізімен кетпей, ескі сұрлеуден саналы түрде бас тартып, өз соқпағын салуы – жаңалық! Ол есте жоқ ескі замандардан жеткен антропонимдердің, этнонимдердің, топонимдердің осы күнге дейін белгісіз болып келген мән-мағынасын айқындауда өзіндік тәсіл қолданады. Жас зерттеушінің бұл орайда жасаған тұжырымдарының бәріне бірдей келіспегенімізбен, оның көне тарихтың көмескі тұстарын ашуға талпынған жаңалықты ізденістері алдағы уақытта білікті мамандар тарапынан лайықты бағасын алады ғой деген сенімдеміз. Оған ресейлік зерттеуші Ю. Н. Дроздовтың осы тәсілді өз тарапынан жетілдіре жалғастыруы кепілдік бергендей.

Міне, осы А. Айзахметов өзінің «Рождение тюркского мира» атты соңғы еңбегінде грек мифологиясындағы «жер анасы» деп аталған әйел құдай Деметраға жеке тарау арнаған. Сонда ол Деметра есімінің сөздік төркінін: «В казахском языке слову «деметра» тождественным по со звучанию и смыслу является словосочетание «dem eti tiri», что означает буквально «живость духа и тела» [8, 48], - деп түсіндіреді. Зерттеушінің бұл түсіндіруі грек мифологиясындағы Деметраның «богиня плодородия и земледелия» [1, 364] деген құдайлық міндетіне сай өліні тірілтіп, өсімдікке жан беретін қызметіне

¹ Амантай Айзахметов - әуесқой зерттеуші. Негізгі мамандығы – журналист, орыс тілінде жазады. Тараз қаласында тұрған. Сырт естуімше жастай қайтыс болған көрінеді. Бірақ соған қарамастан ежелгі өркениет тарихын тануда, көне заманның көп құдайларының, сондай-ақ Троя, Микен патшаларының есімдерінің этимологиясын анықтауда өзіндік тәсіл қолданып, елеулі із қалдырған зерттеуші. Оның зерттеу тәсілі өзге бірде-бір ғалымға ұқсамайды. Жас зерттеушінің осы тәсілін арада бірнеше жыл өткеннен кейін ресейлік зерттеуші ғалым Ю. Дроздов «Тюркская этнонимия древнеевропейских народов. М. 2008» атты көлемді еңбегінде қайталады. Біздің пайымдауымызша, біріншілік А. Айзахметовтікі, ол осы тәсілмен жазылған алғашқы зерттеуін өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары, Ю. Дроздовтан оншақты жыл бұрын жариялаған.

орайластырған талдау секілді. Бірақ, солай дей тұрғанмен, автордың «деметра» сөзінің түпкі тегі түрік тілінен шыққан деген тұжырымға келуі және оны өз тарапынан кешенді талдауы кім-кімді болсын ойландырып қана қоймай, сонымен бірге жаңа ізденістерге жол сілтейтін тәрізді.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, шынында да ойласатын, көңілге күдік келтіретін жайлар бар сияқты. Оған бірнеше себеп те бар. Соның алғашқысы – х. э. дейінгі V ғасырдың авторының, яғни тарих атасы Геродоттың жоғарыда айтылған ойға айғақ ретінде келтірілген: «Вообще почти все имена эллинских богов происходят из Египта. А то, что эти имена варварского происхождения, как я полагаю, скорее всего – египетского, это я точно установил из расспросов [5. 116-117], деген тұжырымды пікірі. Егер Геродот айтқандай, грек мифологиясындағы құдайлардың есімдерінің бәрі шынымен египеттік жабайылар тілінің «жемісі» екені рас болса, онда олардың төркінін грек тілінен іздеу, содан шығаруға әрекеттену - ағаттыққа ұрындырмақ. Бұл ретте, алдымен, Геродот айтып отырған «египет жабайылары» дегеннің кімдер екенін анықтап алу шарт.

Екіншіден, «Мифологиялық сөздіктегі» «деметра» сөзіне берілген «жер анасы» деген анықтама мифтанушы ғалымдардың сөздің төркінін тілдік тұрғыдан талдап, жан-жақты көз жеткізуі емес, Деметра құдайдың құдайлық қызметінің мағынасына қарап жасаған тұжырымдаулары ма деген ой келеді. Өйткені мифтанушы ғалымдар мұның алдында ғана осы Сөздікте Деметраның әжесі, жер құдайы Геяны да: «в греческой мифологии мать-земля» [6, 153], - деп түсіндірген болатын. Осы секілді «жер анасы» деген ұғым Деметрадан кейін пайда болған, соның құдайлық қызметін әрі жалғаушы әйел құдай Исидаға да арнап айтылады (*Исида есімі туралы сәл кейінірек арнайы сөз болады. Қ.С.*). Осыған қарағанда, «жер анасы» ұғымы Геяға да, Реяға да, Деметраға да, Исидаға да ортақ, олардың егіншіліктің қамқоршысы құдайлық қызметін көрсеткенімен, осы үш әйел құдайдың есімдерінің сөздік төркінін анықтауға бәріне бірдей негіз бола алмайтыны анық.

Осы айтылғандарды сараптай келіп, біз өз тарапымыздан, бұл әйел құдайдың әуелгі төл аты – **Деметр** болуы керек деген тоқтамға келдік¹. Мұндағы әйел құдай есімінің соңындағы «а» жұрнағын сөзді

¹ Армян мифологиясында осы құдайдың атының «Деметр» аталуы да біздің тұжырымымыздың дұрыстығын куәландырады. Мифтанушылар бұл ретте: «Имя Деметр, восходит к имени богини Деметры (называвшейся иногда армянами Сандарамет)» деген түсінік береді. Сандарамет – армянша «жер», «жер байлығы» дегенді білдіреді (*Мифы народов мира. Т. 1. М. 1991. Стр. 364*).

аталық, аналық текке («*мужской*», «*женской*» *род*» *деп*) бөлетін гректер кейін қосқан. Ежелгі түріктерде де, қазіргі түріктерде де сөзді ондай текке (*жынысқа*) бөлу болмаған. Сонда «деметр» - түріктің «дем» және «етір» («*еттір*») деген екі сөзінен құралып, «тірілтуші», «дем салушы», «жан бітіруші» деген мағынаны білдіретін атаулық мәнге ие болған. Бұл және құдай әйелдің мифологиядағы құдайлық міндетімен де үйлесіп, оның қызметінің мән-мағынасын да дәл береді. Мұндағы «жан» деген ұғымды білдіретін «дем» сөзі де, бұйрық райлы «ет», «еттір» етістігі де түрік халықтарының, оның ішінде қазіргі қазақ халқының да тілдік қорында бар, күні бүгінге дейін осы мағынасында қолданылып келе жатқан сөздер. Кешегі ауылда білімді дәрігерлердің тапшы кезінде есінен танып, талып қалған адамды молдалар мен бақсылардың қалай дем салып, ес жиғызғанын, сонда осыны көрген үлкендердің «тірілті», «жан бітірді», «дем алдырды» деп қуанысқанын өзіміз де талай көрдік. Түптеп келгенде, мифологиядағы Деметраға қатысты айтылатын аңыз-әңгімелердегі оның құдайлық қызметі де осы: өліні тірілту, өсімдікке жан бітіру ғой. Мұны бір деп қоялық.

Бұл ретте, қалай дегенде де, бірігіп бір ұғымды білдіріп тұрған ежелгі түріктердің дербес екі сөзі дыбысталу үндестігімен де, мағыналық мазмұнымен де «деметр» сөзінің мәнін ашып, дәл беріп тұрғанымен, тарихи санасы қазіргі ресми тарих арқылы қалыптасқан оқырманның біздің бұлайша түсіндіруімізді бірден қабылдай қоюының қиын екенін де ескермеске болмайды. Өйткені ресми тарихтың түрік халықтарын «**христиан эрасынан кейінгі алтыншы ғасырда Алтайда пайда болған жас халық**» деген ғылымда орныққан тұжырымдамасына қалтқысыз сенген оқырманның христиан эрасынан сан мыңдаған жылдар бұрын Африкада пайда болған құдайлар есімінің этимологиясын «**кеше ғана пайда болған**» түрік тілі арқылы талдаудың өзін «миф» санауы әбден мүмкін. Тіпті олай болмаған күнде де көне заманның мағынасы белгісіз атауларының төркінін анықтауда өзге тілде кездесетін соған ұқсас сөздің дыбыстық үндестігіне алданып, ғылымда жасалына беретін көп жаңсақ тұжырымдамалардың біріне жатқыза салулары да ғажап емес. Сондықтан «деметр» сөзінің төркін тегін анықтауда ондай кездейсоқ ұқсастықты малданбағанымызды дәлелдеу мақсатында грек мифологиясындағы осы әйел құдай Деметраның құрметіне сол замандарда жасалынған ғұрыптық жоралардың (*обрядтардың*), діни жоралардың (*ритуалдардың*) атауларына да талдау жасау арқылы

көрсете кетуді қажеттілік деп білдік. Өйткені бұл атауларда да сөздің дыбыстық үндестігімен бірге түріктік ұғым, түріктік мазмұн толығымен беріліп, қайталанып жатса, біздің «деметр» сөзінің төркінін ежелгі түрік сөзінен шығаруымыздың тарихи негізі бар заңдылық екеніне ешкімнің күдігі қалмаса керек. Себебі, бір тілде бар сөздің екінші тілдегі бар сөзбен дыбыстық ұқсастығы кездесіп қалатыны болғанымен, олардың ұғымдық мәні ешқашан бір болмайтыны белгілі. Ал екі тілде бар сөздің айтылудағы дыбысталуы да, беретін ұғымдық мәні де бір болса, онда ол сөздің қай тілдің құрамында жүргеніне қарамастан, түпкі шыққан тегінің бір екенін көрсетеді. Соның үшін Деметр есімінің ежелгі түрік тілінің сөздік қорынан шыққанын одан әрі дәлелей түсу үшін осы әйел құдайдың культіне байланысты жасалатын ежелгі діни жоралардың грек мифологиясындағы атауларына да талдау жасап көрелік.

Ежелгі египеттіктер еккен егінін жинап алғаннан кейін тұқымға қалдырған дақыл дәндерін әуелгі кезде терең қазылған шұқырларға (*дереккөздерінде: «құдыққа» делінген. Қ.С.*) сақтайтын болған. Бірақ ондай шұқырларға ылғал өтіп, дән бұзылатын болған соң, кейін су жетпейтін таудың, болмаса биік қыраттардың беткейінен терең ор қазып тұқымдық дәнді сонда сақтаған. Сондай-ақ ежелгі египеттіктерде осы орға тұқымдық дәнмен бірге өлген адамның денесін де бірге қойып сақтайтын дәстүр болған. (*Египеттіктердің танымында қайта көктеп өнгенге дейін тұқымдық дән де өлі зат. Қ.С.*). Осы ордың жыл сайынғы бетін жабу да, тұқым себер кезде қайта ашу да Деметра құдайға арнап құрбандық шалып, арнайы діни жоралар жасау арқылы өткізілген. Ондағылары өліні тірілтетін, өсімдікке жан беретін құдай «өлген» дәнге жан бітіріп, биылғы егініміздің өнімін мол етсін, өлген адамның рухын тірілтіп, ұрпағымызға қолдау көрсетсін деген наным-сенімдерінен туған. Міне, осы діни жораның жасалынатын орыны - «orgia», ал діни жораның өзі - «orgas» деп аталған. Осының алғашқысы ежелгі түріктің «ор» және «қия» деген екі сөзінен құралып, «орқия», «өрқия» деген ұғымды білдіріп тұр. Сол секілді, діни жора рәсімінің аты «orgas» та ежелгі түріктің «ор» және қас (з)» деген екі сөзінен құралады. Мұндағы «қас» сөзінің қазіргі қазақ тілінде бірнеше мағынасы бар. 1) қас – адамың қасы (брови); 2) қас – ердің қасы (лука седла); 3) қас – жау (враг); 4) қас– өлім әкелуші, өлік; 5) қас – нағыз, ерен (соңғы екеуі ауыспалы мағынада). Бұл жерде ор–мен бірігіп тұрған «қас» төртінші мағынаға келеді. Кейде түріктің «з» дыбысы өзге тілде «с»–ға айналып кететіні

де бар. Діни жораның аты «orgas» өзге тілде сондай өзгеріске түскен атау деп қабылдасақ, онда «орқаз» да қазіргі қазақ лексиконында бар «ор қаз» ұғымын білдіреді. Бұл сөздер түрік халықтарында, оның ішінде қазіргі қазақ халқында да жекелеген «ор», «қия», «қаз» күйінде де, біріккен «орқия», «өрқия», «орқас(з)» күйінде де күні бүгінде баяғы Деметра құдайға арналған жорада қолданылған мағынасында, сол ұғымда қолданылады. Қазақстан жеріндегі «Орқас», «Орқаш», «Орқаз» деп аталатын жер атаулары (топонимдері) де дәлелдей түседі. Мұның бәрін кездейсоқ ұқсастыққа жатқызуға болмаса керек. Әйел құдайдың есімі түрік халықтарының, оның ішінде қазіргі қазақ халқының тілінде бар «дем» және «ет, етір» деген екі сөздің бірігуінен шыққан атау деуіміздің мәні де осында. Мұны «екі» деп қоялық.

Біз жоғарыда грек мифологиясында «жер анасы» аталған әйел құдайлардың аттарын атағанда Гея мен Деметрадан кейін Исида құдайдың атын атаған едік. Енді осы әйел құдайға қатысты мифология деректеріне үңіліп көрелік.

Жалпы миф деректерінде Исиданың аты аталған жерде Осирис (*Усирис*) құдайдың да есімі қоса аталады. Олай болуы заңды да. Өйткені бұл екеуі - ежелгі египеттіктердің жер құдайы Геба мен аспан құдайы Нуттың ұлы мен қызы, әрі ағалы-қарындасты, әрі ерлі-зайыпты құдайлар. «Мифологиялық Сөздіктің» түсіндіруінде Осирис: «в египетской мифологии бог производительных сил природы и царь загробного мира», ал Исида: «богиня плодородия, воды и ветра, символ женственности, семейной верности, богиня мореплавания» [б. 418, 257]. Мұндағы екі құдайдың есімі де грекше берілген. Ал осы құдайларды өмірге келтіруші ежелгі египеттіктер болса, олар Осиристі «Усир», ал Исиданы «Исет» деп атайды. Сөздікті құрастырушылар «усир» сөзінің ежелгі египеттіктердің тілінде не мағына беретінін айтпайды, ал «исет» сөзі египеттіктерше: «так» («*трон*»), «орын» («*место*») деген ұғымды білдіреді деп көрсетеді. Бірақ бұл «исет» сөзінің сөздік мәні ме, әлде атаулық (*есімдік*) ұғымы ма, оны талдап сараламайды.

«Әлем халықтарының мифтері» атты энциклопедиялық екі томдықта бұл екі құдайдың есімдері грекше аталуымен берілгенімен, бұлар шын мәнінде египет мифологиясының кейіпкерлері. Геродоттың айтқанына сенсек, оларға есім берушілер ежелгі египеттік жабайылар (*варварлар*). Сондықтан бұл құдайлардың есімдерінің түптөркінін іздегенде олардың есімдерінің грекше аталуынан емес,

осы ежелгі египеттік жабайылар берген атауларының сөздік мәніне үңілуге тура келеді. Ал біз, жоғарыда жасаған талдауларымыз арқылы Геродот айтқан египеттік жабайылардың ежелгі заманда Африканы мекендеген түріктестер халықтардың түпталары болуы мүмкіндігі барлығына оқырман назарын аударғанбыз.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, әйел құдай Исеттің де, оның күйеуі Усирдің де есімдері дыбысталуындағы сөздік үндестігімен де, атаулық мән –мағынасымен де ешқандай қосымша түсініктемесіз-ақ осы күйінде-ақ түріктік ұғымды беріп тұрғаны таңданарлық жайт. Мұндағы бар өзгешелік түрік тілінің «і» және «ө» дыбыстарын үндіеуропа тілдестердің өз мәнінде бере алмай, «і» -ні «и», «ө» -ні «у» әріптерімен беруінде ғана. Сонда «исет» сөзінің түрік тіліндегісі «ісет», ал «усир» сөзі «өсір» болып шығады. Бұл сөздер - түрік халықтарының, оның ішінде қазіргі қазақ халқының тілінде күні бүгінге дейін сол баяғы мағынасында қолданыста жүрген сөздер. Мұндағы «Исет» сөзі «іс» және «ет» деген екі сөзден құралып, «іс ет», «еңбек ет», «іс істе» деген мағынаны білдіреді. Атау сөзге «ет» етістігін жалғау арқылы сөз жасау түрік тілінде ежелден бар және қазір де жалғасып келе жатқан заңдылық. Мысалы: «әділет» – *әділ + ет*, «қабылет» – *қабыл + ет* және т.б. Сондай-ақ сонау есте жоқ ескі заманда «іс» және «ет» сөздерінің бірігуінен жасалып, құдай есіміне айналған осы «Исет» сөзі қазіргі таңда да түрік халықтарының арасында тек сөздік мағынасында ғана емес, кісі есімі мағынасында қолданылып келеді. Мысалы: қазіргі түріктестер халықтар арасындағы: Исет, Исет, Есет, Ісімет (Смет), Әсет деген кісі есімдері сол баяғы ежелгі құдай атының сәл өзгеріске түскен нұсқалары.

Енді «бог производительных сил природы» атанған Өсірдің (*Усир, Осирис*) есімін талдап көрелік. «Өсір» сөзі - «өс» етістігіне бұйрық райлы сөз туғызатын «ір» жұрнағы жалғану арқылы жасалынған есім сөз, сөздік мағынасы бір нәрсені «өсір», «өндір», «шығар» дегенді білдіреді. «Ір» жұрнағын жалғау арқылы жаңа сөз жасау түрік халықтарының тілінде қазір де бар. Мысалы: қазіргі қазақ тіліндегі: «өш+ір», «көш+ір», «ес+ір», «кес+ір» тәріздес. толып жатқан сөздер осы тәсілмен жасалған.

Біздің пайымдауымызша, бұл есімдердің сөздік және атаулық мағыналарының осындай түрік тілінде түсінікті болуы осы сөздердің түріктік тегін білдірумен бірге, осы екі құдайдың басқаша аталмай, неге бірінің - Исет, екіншісінің - Өсір аталуының себебін де ашып,

оның өзіндік заңдылығы бар екенін де көрсететін сияқты. Зерделеп көріңіз:

Грек мифологиясында Деметра - құдайлар дәуірінің екінші ұрпағы Кронос пен Реяның қызы, яғни үшінші ұрпақ Зевстің туған қарындасы әрі әйелі; «жер анасы» атанған жер өнімінің молшылығын жасаушы құдай. Бірақ Деметра барлық кезде бірдей құдайлық міндетін мінсіз атқара бермейді. Қуаңшылық жылдары шөп өспей, егін шықпай, жан-жануар аштыққа ұшырайды. Мұндай жағдайды миф дерегі жалғыз қызы Персефонаны жерасты патшалығының, яғни өлілер мекенінің құдайы Аид ұрлап әкеткеннен кейін, баласын жоғалтып, қайғырып, қан жұтқан Деметраның жылауменен жыл өткізіп, өзінің құдайлық міндетін ұмытқанымен байланыстырады. Бұл жағдайды мифтанушылар: «Мать Персефоны Деметра, богиня плодородия земли, в горестных поисках дочери забыла о своих обязанностях, и землю охватил голод» [1, 51], - деп атап көрсететеді. Бірақ егіннің шықпай қалуы, өсімдіктің қурап қалуы бұдан кейін де, яғни Персефона табылғаннан кейін де қайталану береді. Өйткені Аидтың өтінішімен Зевс бұдан кейін де Персефонаны анасының қасында үнемі бірге болмай, жылдың бір мезгілін өлілер мекенінде, Аидтың қасында болуға міндеттейді. Қызының үнемі қасында болмауы Деметраға айықпас қайғы. Ал Деметраның қайғыруы – өсімдік атаулының қурауы, ашаршылық.

Міне, осындай жағдайда Деметра құдайға құрбандық шалып, алақан жайып жалбарына бергеннен нәтиже жоғын сезінген сол заманның ақылман абыздары одан гөрі пайдалы іспен айналысу қажеттігін түсініп, осыған ықпал ететін жаңа құдайларды өмірге әкелген секілді. Өйткені бұл кезде Египет өңірінде жерді суландыру, каналдар қазып, шөл далаға су жеткізу, ирригация жұмыстары қолға алына бастаған. Осыған байланысты ақылман абыздар жұртты тер төге еңбек етіп бейнеттену арқылы мол егін өсіруге бағыттап, өздері өмірге әкелген жаңа құдайларға «**Іс + ет**» және «**Өс+ір**» деп, тірлік тәжірибесіне бейімделген есім бергенін аңғаруға болатын тәрізді. Исет (Исет) те, Өсір (Усир) де өмірге Деметрадан көп кейін келген. Ежелгі египеттіктердің сенім-нанымы бойынша олар жаратылыстың бастауында тұрған, яғни жер мен көктің арасын ажыратып, аспанды тіреп тұрған Шу құдайдың немерелері, жер құдайы Геба мен аспан құдайы Нуттың балалары, басқаша айтқанда египет құдайларының төртінші ұрпағы.

Осы арада, сөз орайына қарай, Исет пен Өсір есімдерінің ежелгі түріктік ұғымды білдіретініне қосымша дерек ретінде мына бір жайды да айта кеткен артық болмас.

Египет мифологиясының дерегі бойынша Өсірді өзінің бірге туған бауыры өлтіріп, оның денесін жәшікке салып, ауызын мықтап бекітіп, Ніл дариясына лақтырып жібереді. Күйеуінің өз бауырының (*Өсірді өлтірген Сет те Геба мен Нуттың баласы. Қ.С.*) қолынан қаза тапқанын білгеннен кейін Исет Өсірдің денесін іздеп, көп қиындықтарды бастан кешіріп барып, ақыры сіңілісі Нефтиданың көмегімен оны зорға табады. Күйеуін табыт-жәшіктен шығарып алып, онымен бірге тұрады. Көп ұзамай одан жүкті болып, өмірге бір нәресте келеді. Балаға «Гор» деп ат қояды. Осы Гор есімінің дыбысталуы да, ұғымдық мәні де қазіргі түрік халықтарының біразына ортақ атақты «Көр-оғлы» дастанының кейіпкерінің есімімен бірдей. Онда да өлген әйелден туған баланың есімін «Көр» деп атайды. Бар айырмашылық: «ө-нің» «о-ға» айналуы ғана. Мұндағы «көр» сөзі қазіргі қазақ тілінде «мола», «қабір» деген мағынаны білдіреді. Осыдан шығарып, көрдей қараңғы, түк көрмейтін соқыр адамды «көрсөқыр» дейді. Мифтанушылар Исет пен Өсірдің баласы Гор туралы Сөздікте берген түсіндірмелерінде осы соқырлыққа қатысты: «Свой око¹ Гор дает проглотить Осирису, и тот оживает. Воскресший Осирис передает свой трон в Египте Гору, а сам становится царем загробного мира, где его охраняют Гора детей!» [б. 159], - деп атап көрсетеді. Бұлардың бәрі кездейсоқ ұқсастыққа жатпаса керек. Сондай-ақ, байқап қарасаңыз, жоғарыда аты аталған құдайлардың: Деметр болсын, Исет болсын, Өсір болсын, бәрінің есімдері бұйрық райлы етістік сөзден құралады. Бұл, өз кезегінде, үш есімнің бірдей ала-құлалықсыз, тілдік бір заңдылықпен жасалуы осы құдайларға есім берушілердің тілі ортақ бір халықтың өкілдері екенін айғақтайды және адамға есім берудің сол көне заманның бір кезеңіндегі дәстүрінен де хабар береді. Бұл да ерекше назар аударуды керек ететін жағдай.

Енді осы жоғарыда айтылғандардың бәрін зерде елегінен өткізіп, қорытынды ой түйсек, аталмыш құдайлар есіміне жасалған

¹ «Око» сөзінің түпнұсқада қалай аталғаны бізге белгісіз. Мынау орысша аудармасы. Мифта Атум құдайдың екі көзі өзара таласқанда кейін күнге айналған оң көзін айға айналған сол көзінен жоғары қылу үшін Атум оны бұрынғы орынынан алып, дәл маңдайына орнатып, тура қарағанда төңірегіне үрей, қорқыныш тудыратын етеді. Осы маңдайдағы жалғыз көзді түпнұсқада «үрей» (страх) деп атаған (*Овчинникова А.Г. Легенды и мифы Древнего Востока. СПб. 2002. Стр. 21*). Адамға қорқынышты үрей тудыратын маңдайында жалғыз көз бар дәулер туралы мифтер осыдан кейін туған. «Үрей» сөзі қазір де қазақ тілінде осы мағынада қолданылады. Бұл да мифтің түріктік негізін танытса керек.

тілдік талдаулар мен жоғарыдағы: «... эллиндіктердің барлық құдайы Египттен шыққан. Бұл есімдердің бәрінің тегі жабайылардан, менің пайымдауымша египеттіктерден» деген тарих атасы Геродоттың тұжырымы осы құдайларға есім беруші египеттік «варварлардың» бүгінгі түріктестес халықтардың естен шыққан ескі замандарда Африкада өмір сүрген түпатаалары болуы да мүмкін-ау деуге негіз болады ғой деп ойлаймыз. Өйткені егер осы аталған құдайлардың есімдері басқа бір тілдің «перзенті» болса, онда ол есім сөздер дыбысталу үндестігімен бір-біріне ұқсап, бірдей болып жатқанымен, түрік тілінде ешқандай мағына бермес еді. Ал бұлардың бәрі, көріп отырғанымыздай, түрік тілінің төл тумасы екендігін дыбыстық үндестігімен де, ұғымдық мән-мағынасымен де дәл беріп, айғақтап тұр. Осы орайда ресми тарих санаға сіңіріп, сендіргеніндей түріктестес халықтардың VI ғасырда Алтайда пайда болған жас халық емес, ықылым заманнан бар байырғы халықтардың бірі екеніне көз жеткізе түсуі үшін басқа көне халықтардың мифологиясындағы кейбір құдайлардың есімдерін де талдап, олардың да есімдерінің ежелгі түріктестес халықтардың тілімен тамырлас екенін дәлелдеуге мүмкіндік бар. Бірақ бұл арада оларды талдап, ой қайталау басы артық тірлік секілді. Сондықтан айтылғанға айғақ ретінде тек құдай есімінің сөздік болмысынан түрік халықтарының тілін білетін кез келген адам басқа біреудің ешқандай талдап, түсіндіруінсіз-ақ түріктік ұғымды бірден танып, біле алатын бір ғана мысалмен шектелмекпіз. Мысалға америка үндістерінің сапотек тайпасының құдайлары **Қосана** (*Косаана*) мен **Үшананы** (*Уичасана*) алалық. Осының Қосанасы - күн мен аспанды, ал Үшанасы - жер мен суды және адамды жаратқан құдайлар [б. 296]. Көрдiңiз бе, күн мен аспан **екеуiн жаратқан құдай** - **Қос+ана**, ал жер, су және адам **үшеуiн жаратқан құдай** – **Үш+ана!** Демек мұның бәрі кім-кімнен болсын ойласуды қажет етсе керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Мифы народов мира*. Энциклопедия. Т. I. М. 1991.
2. Акишев А. *Искусство и мифология саков*. Алматы, 1984.
3. Қондыбай С. *Қазақ мифологиясына кіріспе*. 1-т. Алматы, 2008.
4. Салғараұлы Қ. *Ежелгі түріктер*. Астана 2013..
5. Геродот. *История*. В девяти томах. М. 1999.
6. *Мифологический словарь*. М., 1991.
7. Дж. Томсон. *Исследования по истории древнегреческого общества. Доисторический Эгейский мир*. М. 1958.
8. Айзахметов А. *Рождение тюркского мира*. Тараз. 2004.

(Жалғасы. Басы өткен санда)